

Тәрбиеші: Қуандырып біздерді, Мерекелі
күз келді. Кел жемісті алтын күз . Кемелденсін халқымыз.-Құрметті,қонақтар» Күз сыйы
«атты ертеңілігімізге қош келіпсіздер! Күз мерекесі тағы да құтты болсын.Ал.енді
қошеметпен балаларымызды қарсы алайық.Балалар залға музыкамен кіреді.

Төре :Қарсы алайық бәріміз.

Жасымыз бен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр төгіп.

Абылай: Тілегім аман болсын ел іргесі

Алтын күз қайта бірге келді

Молшылықтың жаршысы бола білді.

Алтын күз ырыс, береке, бірлік ала келді.

Балалардың Күз туралы әнін қабыл алыңыздар.

Нұртөре: Ұшты кенет жапырақ

Ой,алақай тамаша

Шашу шашты жапырақ.

Нұрикамал: Құстар қайтты ән салып

Бұлт шарлады аспанды

Қыс келеді жар салып

Күзгі суық басталды.

Ерасыл: Көктен көзін бір алмай

Қызғылыт тартты кәрі күз

Жер қызығын қия алмай

Маужырап тұр сары күз.

Даяна: Қамба толды астыққа

Алғыс саған алтын күз

Бір уыз дән шаштықта

Қап-қап қауын алдық біз.

Қыздардың биі: « Бидай »

Саян: Қарашы күз келді, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді

Құс біткен керуен тізеді

Қара бұлт қабағын түйеді.

Көркемай: Қоңыр салқын тарады

Қойнайлар мен саайлардан

Қаздар қайтып барады қайтқан елден жайлаудан.

Жанбота: Көк майсалы көрікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндерді киіпті

Сары жібек көйлегін

Ұлдардың биі

Ақназар: Думан толы асқарлы

Күз мезгілі басталды

Күз әуені кеп жетті

Әнге бөлеп жастарды.

Әсел: Көбейді құт береке

Астық толы қамбамыз

Құтты болсын мереке

Алтын күзді тойлаймыз.

Айя: Алтын сары, қызыл күз

Алуан-алуан жапырақ

Ағаштардан жапырақ

Ұшты кенет жапырақ.

Қыздардың биі

Асылым: Жетті желмен алтын күз

Жеміс жинау салтымыз
Жиып теріп болған соң
Той жасайды халқымыз

Нұрым: Көрініп еліме

Күндері мереке
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Айкөркем: Ән салындар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер
Күздің тойын тойлайық
Би билейік ойнайық.

Ұлдардың биі

Арай : Қуандырып біздерді

Кел жемісті алтын күз
Өлкемізге күз келді
Кемелдейсің алтын күз.

Көзайым: Соңғы шуақ төгіліп

Жалқындатып тұр аймақ
Ақ сәулеге шашылып
Жапырақтар жүр жайнап.

Камила: Жанға жар бір жапырақ үзілген

Келем әлісол баяғы ізімен
Уақыт жүйрік ұстатпайды ешкімге
Қош келіпсің қауышайын күзің мен.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар уақыт бөліп келгендеріңізге көп – көп Рақмет!

Келесі жылғы Алтын күзге дейін төрт көзіміз түгел болсын. Аманшылдылықта жолыққанша.